БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚАРАТАЛ ӨҢІРІМЕН ТАНЫСТЫ

«Jetisy медиа» ақпараттық орталығының қолдауымен, облыстық және жергілікті БАҚ өкілдерінің қатысуымен Қаратал өңірінде баспасөз туры өтіп, журналистер Қаратал өңірінің тарихы және бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты.

Қаратал өңірі қасиетті жері, бай тарихы және осы құнарлы топырақта туып, түлеген тұлғаларымен әйгілі. Мұны «Қасиетті Қаратал – әулиелер мекені» деп жазылған аркадан аңғаруға болады. Баспасөз өкілдері алғашқы қадамын Ескелді би Жылкелдіұлының (1692-1780 жж.) кесенесіне зиярат етуден бастады. Қасиетті жерде қонақтарды Ескелді бидің ұрпағы, кесене шырақшысы Бақберген Жүнісбаев қарсы алып, қазақтың біртуар перзентінің өмірі мен өнегесі туралы мәліметтер айтты. Қонақтар баба рухына арнап құран оқып, зиярат етті.

Одан әрі журналистер Ескелді ауылдық округіне қарасты «Аксенов» шаруа қожалығына барды. Айнадай жарқыраған шағын көлдің жанында, тамаша табиғат аясында жергілікті кәсіпкер Анатолий Аксенов 10 жылдан бері балық өсірумен айналысады. Соңғы екі жылда құс өсіруді қолға алып, «Линда» тұқымды қаз санын арттырып келеді. Анатолийдің айтуынша, қаздың орташа салмағы 4 келіден кем емес. Құс еті толығымен өңделеді және бұл экономикалық тұрғыдан алғанда өте тиімді. Кәсіпкер қазбен қоса үйрек те асырайды. Үй құстарының әртүрлі тұқымын будандастыру нәтижесінде фермер жұмыртқа өндірісін жандандырып, құс салмағын арттыруға қол жеткізді.

Көлде ақ амур, сазан секілді балықтар өсіріледі. Үйрек пен қаздың сақғырығы өте құнды органикалық тыңайтқыш болғандықтан балықтың өсуі 10-12 есеге артып, сазан балықтарының салмағы 18 келіге жетіпті.

Шаруашылықта 4 инкубатор бар. Оның біреуі 1500 жұмыртқаға, ал қалған үшеуінің әрқайсысы 500 жұмыртқаға арналған. Шаруа қожалығының иесі өсірілген құс пен балықты алдын ала тапсырыс бойынша аймақтық нарыққа шығаруда.

Келесі кезекте журналистер аймақтың мәдени мұрасымен де танысты. Олар жерлесіміз, Ұлы Отан соғысының ардагері, детектив жанрының көшбасшысы Кемел Тоқаевтың есімімен аталған мектепте орналасқан мұражайға барды. Мектеп директоры Ләззат Испанова қонақтарға жазушының жеке заттары, кітаптары, фотосуреттерін көрсетіп, тағы басқа да жәдігерлермен таныстырды.

Журналистер осыдан кейін сүт өнімдерін өндірумен айналысатын «Үштөбе-Айдын» ЖШС-де болып, өнімдерден дәм татып, оң бағасын берді. Қуаттылығы тәулігіне 10-12 тонна сүт өңдейтін зауытта 16 өнім түрі шығарылады. Зауыт басшысы Константин Савинов айран, сары май, кілегей секілді сүт өнімдерін Талдықорған, Текелі қалалары мен Алматы облысының елді мекендеріне тасымалданатынын жеткізді.

Үштөбе қаласының әкімі Сағынбек Карбузов журналистерді Кемел Тоқаев атындағы саябақта күтіп алып, экскурсия жүргізіп, гүлзарлар мен ойын алаңдарын аралатты. Сондай-ақ, қонақтар сервистік әкімдік жұмысымен танысып, мемлекеттік қызметшілердің қызмет көрсету шеберлігін көрді.

Соңында журналистер вокзал алаңындағы саябақта Қаратал ауданының әкімі Ерлан Исабековпен әңгіме өрбітіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы турасындағы сұрақтарына тұшымды жауап алды.

Асхат ӨМІРБАЕВ

Қаратал ауданы

ЕҢБЕК АДАМЫ

САПАЛЫ терезе жасайды

Суретерді түсірген А. ҚУАТҰЛЫ

Айналамызда мемлекеттік қолдаудың игілігін көріп жүрген және сол мүмкіндікті ұтымды пайдаланып, өзінің кәсібін дөңгелентіп, жұртқа үлгі болған азаматтар жетерлік. Сол қатарда Талдықорған қаласында металл-пластик терезе жасаумен айналысатын әрі қаладағы осы салада жұмыс істеп жүргендерге жаңалығымен бастамашы, тазалығымен танымал, іскерлігімен көш бастап келе жатқан ағайынды азаматтарды айрықша атауға болады. Ағайынды Жанат пен Асхат ЧИНИБЕКОВТЕР жастығына қарамай жақсы ісімен қалалықтарға жақсы таныс. Олар бұл кәсіпті орта мектеп қабырғасында меңгере бастапты.

Қажет АНДАС

– Біздің бұл кәсіпке кірісуімізге әкеміз Қалибек Чинибековтің ықпалы болды. Орта мектеп қабырғасында жүргенде әкеміз өзіміз тұрып жатқан Желтоқсан көшесі 24-үйге жапсарлай шеберхана құрып, қарапайым құрылғылармен алғашқы пластик терезелерді жасаумен айналыса бастады. Ол кезде сұраныс тым көп болмағанымен, әкеміздің жұмысқа жауапкершілікпен қарайтын мінезін жақсы білетін тұтынушыларды ауламыздан жиі кездестіретінбіз. Сосын бос уақытымызда біз де әкемізге көмектесіп жүріп, терезеге керекті материалдарды өлшеу, кесу, жапсыру сияқты алғашқы тәжірибелерді меңгере бастадық. Жыл өткен сайын табысымыз да еселене түсті. Оның үстіне «Көрекөре көсем болады» дегендей, бұл кәсіп күнделікті жұмысымызға айналды. Алғаш әкемізді жағалап жұмыс істей бастағанда, ол кісі: «Пайданы қуып, басқаның сенімінен айырылсаңдар, жоламай-ақ қойындар» деп ескертті. Сондықтан осы күнге дейін қолға алған әр жұмысымыздың сапасына қатаң қарайтын болдық. Табысқа жетуіміздің түп тамыры да осында, – дейді Жанат Қалибайұлы.

«Ағайын тату болса, ат көп» деген нақыл тегін айтылмаса керек. Бала күннен жұбы жазылмаған ағайынды жігіттер әлі де отбасылық кәсіпті бірге жүргізіп келеді. Олар тәжірибесі толығып, біліктілігі артып, терезе жасаудың сан түрлі шеберлігін, тұтынушылармен жұмыс істеудің жолын меңгеріп алғаннан кейін Талдықорған қаласының Гагарин көшесі 159-мекенжайдағы ғимараттың бірінші қабатындағы кең залды жалға алып, жұмыс көлемін ұлғайтты. Осыдан былай олардың табысы да арта түсті. Тапсырыс көбейген сайын жаңа техникаға деген сұраныс та туындады. Сондықтан тапқан табысының бір бөлігін тұрмыстық қажеттілікке жұмсаса, қалған бөлігіне жаңа техникаларды шетінен сатып алып, цехты ұлғайтып, тұтынушылардың көңілінен шығатын сапалы дүние жасауға тырысты.

– Жасыратыны жоқ, алғаш жұмыс бастағанда табысымыз көбейе түссе деген жанталастың болғаны анық. Ол кезде осы кең бөлмеде бірнеше ғана қарапайым құрылғы тұратын. Жұмысымыз жүріп, етек-жеңімізді жинағаннан кейін сапалы дүние жасап, жұрттың көңілінен шықсақ деген ұмтылыс пайда болды. Өйткені, жыл өткен сайын адамдардың экономикалық әлеуеті артып, сапалы дүниеге деген сұраныс туындады. Осыған орай бізде өзіміз тұрған қалалықтардың тұрмыс сапасына сай келетін, талғамынан шығатын терезелерді жасауға құлшыныс пайда болды. Басында бәрін қол күшімен жасаушы едік, енді техника істейтін жағдайға жеттік, – дейді Асхат Қалибекұлы.

Бүгінде олардың цехында ине шаншыр жер жоқ. Айналаның бәрі пластик терезе жасауға арналған құрылғылар. Бірі материалдарды өлшеуге, енді бірі кесуге, тағы бірі желімдеуге және тағы сондай өндіріске керекті құрал-жабдықтар. Оның бірі италиянікі, енді бірі Ресейден алынса, қытайлық құрал-жабдықтар да бар. Қысқасы, әлемнің әр түкпірінен жинақталған озық аспаптар мен құрылғылар олардың цехында жинақталып, талдықорғандық тұтынушылар үшін қызмет етіп жатыр.

– Жұмысымыз жүре бастаған соң Алматы, Астана, Шымкент сияқты ірі қалалар мен Түркия, тағы басқа шетелдердегі біз сияқты металл-пластик терезе өндірісімен айналысатын ірі кәсіпорындардың жұмысымен танысып шықтық. Осыдан былай көңілімізге шабыт бітті. Үміт туындады. Жұмысымызды жүйелеу үшін жаңа үлгідегі озық технологияларды қолдану керектігін сезіндік. Дегенмен, ондай технологиялар шетелдерде өндіріледі. Оларды сатып алып, жұмыс жүргізу үшін де қалта көтермей жататыны бар. Сондықтан 2020 жылы облыстық кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде жариялаған жобалар байқауында бақ сынап көргіміз келді, – дейді Жанат Қалибекұлы.

Ағайындылардың жобасы комиссия мүшелерінің қолдауымен 4 млн. теңгеден астам қайтарымсыз гратка ие болып, терезеге істетілетін әйнекті тазалап, жуатын Қытайда өндірілген «Сартер» маркалы құрылғыны сатып алды.

– Металл-пластик терезенің екі түрлі ерекшелігіне баса назар аудару керек. Ең алдымен терезе жақтауларының ішіне салынатын сапалы металл, енді бірі екі жағы қапталатын әйнектердің тазалығы. Біз осыған дейін терезе әйнектерін қолмен жуып, тазалап келдік. Қанша жерден таза жудық десек те, шаң-тозаң, кір-қоқыстың қалып қалатыны анық. Ол қапталып кеткен соң оны қайта ашып, тазалай алмайсың. Тұтынушылардың көбі терезе әйнектерінің таза болмағындығы үшін шағымданып жатады. Өйткені, адамдардың қазіргі тазалыққа деген талғамы жоғары. Осы шағымдарды болғызбау және жұмыс сапасын жақсарту мақсатында құны 11 млн. теңге тұратын жаңа құрылғыны жеткіздік. Басында айтылғандай, оның 4 млн. теңгесі мемлекеттік қолдаумен қайтарымсыз грант ретінде берілді. Ол да үлкен көмек болды, – дейді кәсіпкер Жанат.

Бүгінде Талдықорған қаласында металл-пластик терезе өндіретін бірталай цех болғанымен біреуінде әйнек жуатын заманауи құрылғы жоқ еді. Жанат пен Асхат Чинибековтер бірінші болып осы бір инновациялық жаңа технологияны қала тынысына енгізді.

Бұл қадам оларға тағы бір жаңа цех ашуға түрткі болды. Өйткені, терезе жақтауларын жасайтын цехтағы бұрқыраған шаң мен тозаң жаңа құрылғымен жұмыс жасауға кедергі келтіре берді. Сонымен олар Желтоқсан көшесіндегі ең алғаш рет жұмысын бастаған цехты үлкейтіп, әйнек жуатын және қаптайтын, тағы да басқа осы бір жұмысты жүргізуге керекті құрылғыларды сол жерге көшіреді де, Асхат терезе жақтауын жасауға, ал Жанат әйнек жуу жұмысымен айналысады. Қазір Жанат меңгеріп отырған цехтың жұмысы ретке түсіп, қалалықтардың аяғы үзілмейтін жерге айналды. Күнделікті қажеттілігі үшін келетін тұтынушылардан сырт, осы күнге дейін пластик терезеге істетілетін әйнектерді қолмен жуумен айналысатын басқа да әріптестері тапсырыс беретін болған.

Дегенмен, бір биікке жеткен адамның алдынан тағы бір белестің бұлдырап көрінетіні анық.

– Басында біз кәсібімізді дөңгелентіп, қаржымызды көбейтсек деп ойдаушы едік. Енді ол екінші мәселеге айналып қалды. Өткен жылдары Түркиядағы осы кәсіппен айналысатын кәсіпорындарды көріп, қызығып қайтқан болатынбыз. Қазір сол кезде көкейімізге түйіп қайтқан жоспарларымызды жүзеге асыруға құлшынып жүрміз. Талдықорғанға әйнек жуатын заманауи құрылғы орнаттық. Алматыға шапқылайтын көп адамдар қазір бізге келеді. Бір жағынан жол шығынын үнемдесе, екіншіден біздің бағамыз ірі қалаларға қарағанда арзандау. Демек, көпке көмегіміз тиді деген сөз. Қазір қаладағы әйнек кесетін цехтар көп. Алайда олар тек төрт бұрышты әйнектерді ғана кесе алады. Енді түрлі пішінде әйнек кесетін құрылғының технологиясын енгізсек деп қамданып жүрміз. Ол құрылғы келетін болса, қаладағы жиһаз жасайтын цехтардың үлкен мәселесі шешілер еді. Бірақ оның құны, Талдықорғанға жетіп, іске асқанына кететін қосымша шығындар тым қымбатқа түсіп тұр. Бұл тұрғыда тағы да мемлекттік қолдау болса, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді Жанат Қалибекұлы.

Алла тағала да пейілге қарай берекесін береді ғой. Ағайынды жігіттердің осы жетістікке жетуіне адалдығы мен адамгершілігі көп демеу болып келеді. Өйткені, Талдықорған қаласындағы ең сапалы терезелерді осы жігіттер жасайды, тағы бір жағынан сапасына қарай құны да арзан. Сондай-ақ, бірнеше адамды тұрақты жұмыспен қамтып, өздерімен қоса жерлестерін де жаңа мамандыққа тәрбиелеп келеді. Бұрындары олардың цехында жұмыс істеген азаматтар бүгінде өз алдына шағын цехтарын ашып, жұмыс жүргізе бастапты. Олардың да аяғынан нық тұруына қолдан келер көмектерін жасап тұрады.

Халқымызда «Жас келсе іске» деген нақыл сөз бар. Оны осы жігіттердің жігерлі ісі дәлелдеп жатыр. Өйткені, бала кезінде армандаған істерін жүзеге асырған олар бүгінде ел өркениеті үшін үлес қосуда. Былай қарағанда олардың ісі жай кәсіпкерлік болып сезілгенімен, шын мәнінде, қайнап жатқан тірліктеріне қарап, ел экономикасына үлес қосып жатқанын айқын аңғарамыз. Себебі, олар өздері жасап жатқан қаланың тіршілігіне тыныс ашуда. Тағы бір жағынан, олардың арманына қанат бітірген, жұмысына дем берген кәсіпкерлікке бағытталған мемлекеттік гранттар екендігін де ескеруіміз керек. Арамызда кәсіп ашуға ұмтылып жүрген азаматтар көп. Ағайынды Жанат пен Асхаттың жетістігі оларға өнеге болады деп сенеміз. Егер қаржылық жақтан қолдау тапқысы келгендер болса, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде қайтарымсыз грант берілетін байқауларда бақ сынап көруге де болады. Жанат пен Асхаттың да жетістігіне осы бағдарлама үлкен демеу болғанын тағы да бір естеріңізге сала кетейік.

ӨРЛЕУ

ЖҰМЫССЫЗДАРҒА ЖӘРДЕМ

Облыста өнірлік кәсіпкерлер палатасы жанындағы оқу орталықтарының тізіміне енген 79 оқу орталығы нарықта сұранысқа ие 200-ден аса мамандық бойынша жұмыссыздарды қысқамерзімді оқытуды жүзеге асыруда. Осы жылы облыс бойынша 1500-ден аса адам жаңа мамандықтарды меңгереді. Қысқамерзімді кәсіптік оқытумен айналысатын оқу орталықтарының бірі Текелі қаласында орналасқан. Өткен жылдың қорытындысы бойынша оқу орталығы облыста білімгерлерді жұмысқа орналастыру көрсеткіші бойынша көшбасшы атанды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Қысқа мерзімді оқудан өткен жұмыссыздардың 95,5 пайызы тұрақты жұмысқа орналасқан және жеке кәсібін ашқан. Жақында оқу орталығында «аспаз» мамандығы бойынша қорытынды емтихандар өтті. Оқу орталығының жетекшісі Светлана Оңғарбаеваның айтуынша, қазіргі таңда оқу орталығын 18 тігінші мен 20 аспаз бітірді. Оқу ұзақтығы үш ай, студенттер ай сайын 20 мың теңге көлемінде шәкіртақы алады.

– Біздің оқу орталығы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың аркасында және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен Текелі қаласының жұмыспен қамту орталығының қолдауымен ашылып, үш жыл жұмыс істеп келеді. 2019-2020 жылдары оқу орталығында 115 адам білім алды, оның ішінде 60 тігінші, 35 кассир және 20 аспаз бар. 110 адам немесе қатысушылардың 95,5 пайызы жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 26 түлек өз ісін ашуға грант алды. Биыл біз 18 тігінші мен 20 аспазды оқыттық, – дейді Светлана Оңғарбаева.

Қазіргі ағымның түлектерінің бірі – Назгүл Төлендиева. Оқу орталығында ол аспаз ісі бойынша үш айлық курстан өтіп, қаладағы мейрамхана кешендерінің бірінде жалақысы жоғары жұмыс тапты. Емтихан кезінде комиссия мүшелері аспаздың курстық біліктілік жұмысына жоғары баға берді.

Леонид Пак – «тігінші» мамандығы бойынша оқу орталығын тамамдаған студенттердің бірі. 2019 жылы оқу орталығында біліктілігін көтеріп, кәсіпкерлер палатасының қалалық филиалы жанынан «Бизнес Кенесші» жобасы бойынша оқудан өтті. Жобаны қорғап, «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2 млн. теңге көлемінде мемлекеттік грант алды. Бүгінгі таңда кәсіпкер таза былғары мен теріден түрлі бұйым жасайды. Шағын цех үш адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Светлана Оңғарбаева оқу орталығында мамандық бойынша біліктілікке ие болып қана коймай, кәсіпкерлік негіздеріне оқытылып, қайырымдылық шараларына белсенді қатысады. Мәселен, өткен жылы пандемия кезінде оқу орталығы 1000-нан аса бетперде тігіп, көпбалалы отбасылар мен мүгедектігі бар адамдарға таратты. Жыл сайын студенттер Бөбектер үйінің тәрбиеленушілері үшін киім-кешек тігеді. Сонымен қатар, орталық түлектері кәсіпкерлер үшін ашық сабақтар ұйымдастырады.

– Оқу орталығында ашық сабақтар мен шеберлік сыныптарын жиі өткіземіз. Ол сабақтарды біздің түлектеріміз жүргізеді. Өз ісін ашқан түлектер біздің қатысушыларды іс тәжірибесіне алып, әрі қарай жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі. Биыл студенттердің шамамен 30 пайызы оқу орталығын аяқтаған түлектеріміздің нысандарына жұмысқа орналасты. Сондықтан біз барлық студенттермен үнемі байланыстамыз, еңбекпен қамтуға, бизнестің бағытын анықтауға, жобаларын сүйемелдеуге қолдау көрсетеміз, – дейді оқу орталығының басшысы.

«Текелі қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ басшысы Жасұлан Қапалов қалада үш оқу орталығы бар екенін атап өтті. Ағымдағы жылы қысқа мерзімді оқытумен 80 адам қамтылады.

Жалпы, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде бағдарламаның бірінші бағытына сәйкес жұмыс беруші өзінің кәсіпорнында оқу орталығын құра отырып, ҮКП жанындағы оқу орталықтарының тізіліміне енгізілген жағдайда шығындарды өтей отырып, жұмысшы кадрларды дербес дайындауға мүмкіндігі бар.

«Атамекен» кәсіпкерлерге оқу орталығын құру бойынша қажетті қолдау көрсетіп, оқу орталықтарының тізілімін жүргізуде. Бүгінгі күні кәсіпкерлер палатасы жанындағы оқу орталықтарының тізілімінде 79 оқу орталығы бар, оның ішінде кәсіпорындар жанынан 37, колледждер жанынан 35, дербес оқу орталықтары жанынан 6 және жоғары оқу орны жанынан бір орталық құрылған. Оқыту сұраныска ие 200-ден аса мамандық бойынша жүргізіледі. Биыл 1500-ден астам адам оқумен қамтылады деп жоспарлануда. Ережеге сәйкес оқу орталықтары білім алушылардың 60 пайыздан кем емес мөлшерін жұмысқа орналастыруы тиіс, – деді облыстық кәсіпкерлер палатасының бұрынғы басшысы болған Әсет Шаяхметов.

Қысқамерзімді оқуға жұмыссыз азаматтар қатыса алады. Ол үшін жергілікті жұмыспен қамту орталығына жүгініп, жазылулары керек. Кәсіпкерлік субъектілері мен жұмыс істеп тұрған оқу орындары қысқамерзімді кәсіптік оқыту бағдарламалары бойынша оқу орталығын ашу үшін өнірлік кәсіпкерлер палатасына жүгінуі қажет.